АНОНС!

АРМЕНИЯНЫҢ ӘУЕ КОМПАНИЯСЫ ҚАЗАҚСТАНҒА РЕЙСТЕР АШАДЫ

2-бетте

www.aigak.kz

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

АЙҒАҚ MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

Instagram YouTube Facebook Telegram

№24 /sárs enbi/ 17 maýsym 2026 jyl

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ҒАБИТ СЫЗДЫҚБЕКОВТІ ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есепті тыңдады.

Ғабит Сыздықбековтің айтуынша, былтыр өңірлік жалпы өнім көлемі 5,7 триллион теңгеге жетіп, 11 пайызға ұлғайды. Шымкент аталған көрсеткіш арқылы өңірлер арасында екінші орын иеленіп отыр.

2025 жылы шаһар экономикасына 859,5 миллиард теңге инвестиция құйылды, оның 72 пайызы жекеге тиесілі. Жалпы өсім – 7,5 пайыз.

Соңғы үш жылда өнеркәсіп саласында құны 170 миллиард теңге болатын 50 жоба іске қосылып, 3,5 мыңнан астам жұмыс орны ашылды.

Белсенді кәсіпкерлік субъектілер саны 133 мыңға жетіп, олар шығарған өнім көлемі 4,7 триллион теңгені құрады. Оның өңірлік жалпы өнімдегі үлесі 41 пайыздан 56 пайызға артты.

Президентке биылғы төрт айдың қорытындысы бойынша негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің оң динамикасы сақталып отырғаны жөнінде баяндалды. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор 10,4 пайызға өсті. Бұл өнеркәсіп, құрылыс, сауда және көлік салаларында байқалды.

Мемлекет басшысына бұған дейінгі тапсырмаларының орындалу барысы туралы ақпарат берілді. Қазіргі уақытта 200 орынға шақталған заманауи перинаталдық орталық салынуда. Сондай-ақ биыл 150 орындық оңалту орталығын пайдалануға беру жоспарланған.

35 мың жанкүйер сыятын заманауи стадион, паралимпиадалық, сурдлимпиадалық спорт түрлері мен боччаға арналған мамандандырылған кешен құрылыстары жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар білім беру, денсаулық сақтау және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларына жасанды интеллект технологияларын енгізуге ерекше мән берілуде.

Мемлекет басшысы Шымкент қаласын одан әрі дамыту және тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру бағытында бірқатар нақты тапсырма берді.

Ақорда.

ҚЫТАЙ САПАРЫ: ТҮРКІСТАННЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙДІ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров бастаған ресми және іскерлік делегацияның Қытай Халық Республикасына жасаған жұмыс сапары өңірдің инвестициялық әлеуетін халықаралық деңгейде таныстыруға және жаңа жобаларды жүзеге асыруға бағытталған маңызды қадам болды. Сапар аясында Түркістан облысымен бауырлас өңір саналатын Хубэй провинциясының орталығы Ухань қаласында Қытайдың 50-ден астам жетекші компанияларының басшыларымен және ірі инвесторларымен бірқатар нәтижелі кездесулер өтті.

Келіссөздер барысында өндіріс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, туризм, денсаулық сақтау, қаржы, құрылыс, көлік-логистика және инфрақұрылым салаларындағы ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері жан-жақты талқыланды. Іскерлік кездесулер B2B және G2B форматында ұйымдастырылып, екіжақты әріптестікті кеңейтуге бағытталған нақты ұсыныстар қаралды.

Кездесулер барысында облыс әкімі Нұралхан Көшеров Түркістан өңірінің экономикалық және инвестициялық мүмкіндіктеріне кеңінен тоқталды. Оның айтуынша, соңғы жылдары өңірде инвестициялық ахуалды жақсарту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп, инвесторларға қолайлы жағдай жасалған. Бүгінде Түркістан облысы Қазақстандағы қарқынды дамып келе жатқан өңірлердің біріне айналып, шетелдік капитал тарту көрсеткіштері бойынша алдыңғы қатардан көрінуде.

Өңір басшысы Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық әріптестік мемлекет басшылары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпиннің өзара сенімге негізделген саясатының нәтижесінде жаңа деңгейге көтерілгенін атап өтті. Бұл байланыстар өңіраралық ынтымақтастықтың дамуына да тың серпін беріп отыр.

Жұмыс сапары барысында медициналық технологиялар саласында жұмыс істейтін халықаралық компания өкілдерімен маңызды келіссөздер жүргізілді. Компания жасанды сүйек тіндерін қалпына келтіруге арналған инновациялық материалдар мен күйік және ауыр жарақаттарды емдеуге қолданылатын жасанды тері матрицаларын өндірумен айналысады.

Жалғасы 2-ші бетте

ЕЛ ҮКІМЕТІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ САЛАСЫНДА $10 МЛРД-ТЫҚ КЕЛІСІМДЕР ПАКЕТІНЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов NVIDIA вице-президенті Рев Лебаредянмен және Firebird негізін қалаушылар: бас директоры Размик Овакимянмен және Александр Есаянмен кездесу өткізді. Кездесуге Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, «Қазақтелеком» АҚ басқарма төрағасы Бағдат Мусин, АҚШ-тың Қазақстандағы Елшісі Джули Стафft қатысты, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Американдық Firebird компаниясы жасанды интеллект инфрақұрылымын құруға, деректер орталықтарын дамытуға және жоғары өнімді есептеу жүйелерін әзірлеуге маманданған. Компания әлемнің түрлі өңірлерінде жобаларды жүзеге асырып, жасанды интеллект, жоғары өнімді есептеулер және цифрлық инфрақұрылым саласындағы әлемдік көшбасшы NVIDIA сияқты жетекші технологиялық серіктестермен ынтымақтастық орнатқан. Компанияның шешімдері әлемдегі жетекші суперкомпьютерлер мен деректерді өңдеу орталықтарының басым бөлігінде қолданылады, сондай-ақ қазіргі заманғы генеративті жасанды интеллект модельдерінің елеулі бөлігінің негізін құрайды.

Кездесу барысында ұлттық жасанды интеллект инфрақұрылымын дамыту мәселелері талқыланды. Олардың қатарында жоғары өнімді есептеу қуаттарын құру, заманауи деректерді өңдеу орталықтарын орналастыру және халықаралық технологиялық серіктестерді тарту мәселелері талқыланды.

Премьер-министр жасанды интеллект пен цифрлық инфрақұрылымды дамыту Қазақстанның негізгі басымдықтарының бірі екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялады. Осы аптада «Digital Qazaqstan» цифрлық трансформация және жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі жалпыұлттық стратегиясы қабылданды. Қазіргі таңда негізгі цифрлық жобалардың бірі – Екібастұз қаласында «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Біздің мақсатымыз – жаһандық цифрлық инфрақұрылымды орналастыруға арналған алаң қалыптастыру. Біз Firebird және NVIDIA серіктестерімен жасалған келісімдерді жоғары бағалаймыз», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр «ДӨО алқабы» жобасының негізгі артықшылықтарына назар аударды.

Жалғасы 6-шы бетте

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖАҢА ЗАҢДАРҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

2026 жылдың 11 маусымында Мемлекет басшысы бірқатар жаңа заңдарға қол қойды. Атап айтқанда,

- «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына;

- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау, прокуратура және әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына;

- «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

Ақорда.

АРМЕНИЯНЫҢ ӘУЕ КОМПАНИЯСЫ ҚАЗАҚСТАНҒА РЕЙСТЕР АШАДЫ

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі ұшу бағыттарының географиясын кеңейту және халықаралық рейстер санын арттыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. Осы орайда, ағымдағы жылдың 12 маусымынан бастап Қазақстанның әуе тасымалы нарығына Армения жаңа шетелдік әуе тасымалдаушысы – «FlyOne Armenia» әуе компаниясы қосылды, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

Әуе компаниясы Ереван – Алматы бағыты бойынша аптасына 2 рет (дүйсенбі және жұма күндері) тікелей тұрақты жолаушылар рейстерін орындай бастайды. Нәтижесінде Қазақстан мен Армения арасындағы рейстердің жалпы саны аптасына 3 рейстен 5 рейске дейін артады.

Қазақстан мен Армения арасындағы жаңа әуе қатынасының ашылуы екі ел арасындағы сауда-экономикалық, іскерлік, инвестициялық, туристік және мәдени ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ықпал етеді.

МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІКТІ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ТЕК АШЫҚ САУДА-САТТЫҚ АРҚЫЛЫ ҒАНА ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Қазақстанда мемлекеттік мүлікті есепке алу, жалға беру және жекешелендіру бойынша барлық процесс автоматтандырылып, электрондық форматқа көшірілді. Бұл туралы ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы Нұрмахан Әділбеков мәлімдеді. Ол жыл сайынғы Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі ұлттық баяндаманың ашықтықты қамтамасыз етудің маңызды құралы екенін атап өтті.

2025 жылы жекешелендіру процестерінің ашықтығын арттыру мақсатында заңнамалық деңгейде жекешелендірудің бәсекелестіктен тыс түрлері алып тасталды. Оның ішінде тікелей атаулы сату және кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру бар.

«Осылайша, мемлекеттік мүлікті жекешелендіру тек қана e-qazyna веб-порталында ашық сауда-саттық арқылы жүзеге асырылады», – деп атап өтті спикер.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауында белгіленген цифрландыру шараларын іске асыру шеңберінде Комитет функцияларын цифрлық трансформациялау бойынша белсенді жұмыс жалғасуда. Бүгінгі таңда Мемлекеттік мүлік тізілімі арқылы мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру, сыйға тарту шарттары бойынша мемлекеттің мүлікке құқықтарды иемдену процестері автоматтандырылды және сол арқылы жүзеге асырылуда. Бұл әкімшілік рәсімдердің мерзімін қысқартуға және олардың барынша ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Биыл Комитеттің тағы 9 негізгі функциясын автоматтандыру жоспарда бар. Осылайша, шешім қабылдау мерзімдерін айтарлықтай қысқарту, артық рәсімдерді алып тастау және тиісті процестердің ашықтығын қамтамасыз ету көзделген.

СҰРАНЫСҚА ИЕ БАҒЫТТАР БОЙЫНША АУРУХАНАЛАРДА 23 ЖАҢА БӨЛІМШЕ АШЫЛДЫ

Еліміздің өңірлеріндегі облыстық ауруханаларды ауқымды жаңғырту бағдарламасы шеңберінде сұранысқа ие терапиялық бағыттар бойынша 23 жаңа бөлімше ашылды. Жаңа бөлімшелер ересектер мен балалардың арасында қажеттілігі жоғары медициналық бағыттар бойынша құрылды. Олар: ревматология, пульмонология, гастроэнтерология, эндокринология, гематология, нефрология және кардиология, деп хабарлайды ҚР Денсаулық сақтау министрлігі.

Жоба 2024–2030 жылдарға арналған денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту тұжырымдамасы шеңберінде жүзеге асырылып, өңір тұрғындары үшін мамандандырылған медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Жалпы алғанда, мастер-жоспарларға сәйкес еліміздегі 19 облыстық көпбейінді ауруханада, 15 облыстық балалар ауруханасында және 19 перинаталдық орталықта 2700 төсекке арналған 55 жаңа бөлімше ашу көзделген.

Бүгінгі күні олардың ішінде: 7 ревматология бөлімшесі; 4 пульмонология бөлімшесі; 6 гастроэнтерология бөлімшесі; 2 гематология бөлімшесі; 3 эндокринология бөлімшесі; 2 нефрология бөлімшесі; 2 кардиология бөлімшесі ашылды.

Облыстық балалар ауруханаларында 302 төсекке арналған 22 бөлімше ашу жоспарланған. Оның ішінде қазірдің өзінде 168 төсекке арналған 9 бөлімше пайдалануға берілді.

Сонымен қатар пульмонологиялық, неврологиялық, оториноларингологиялық, оңалту, травматологиялық және паллиативтік көмекті кеңейту көзделген.

2026 жылдың 1-ші тоқсанының қорытындысы бойынша еліміздің облыстық және қалалық стационарларында 59 895 пациент ем қабылдады. Бұл ретте облыстық деңгейдегі стационарларда емделген пациенттер саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1 337 адамға артты.

Денсаулық сақтау министрлігі 2026 жылдың басынан бастап облыстық ауруханаларды жаңғырту бағдарламасын қабылдап, іске асыруда. Бұл бағдарлама денсаулық сақтау жүйесін кешенді жаңғыртудың бір бөлігі болып табылады және еліміздің барлық өңірлерінің тұрғындарына сапалы, қауіпсіз әрі қолжетімді мамандандырылған медициналық көмек көрсететін заманауи медициналық ұйымдар желісін қалыптастыруға бағытталған.

ШЫМКЕНТТЕ ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША 18 ИНКЛЮЗИВТІ ЖОБАҒА БАСТАУ БЕРІЛДІ

ШЫМКЕНТ — А. С. Пушкин атындағы қалалық әмбебап кітапханасында инклюзивті қоғамды дамытуға бағытталған шағын гранттар байқауын қорытындылауға арналған ресми іс-шара өтті. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының қолдауымен жүзеге асырылып жатқан бұл ауқымды бастаманың ұйымдастырушысы «Эра-KZ» Республикалық қоғамдық бірлестігі болды.

Баспасөз шарасы гибридті форматта ұйымдастырылды: Шымкент қаласы мен Түркістан облысынан үздік әлеуметтік идеялардың авторлары алаңға өздері жиналса, Алматы, Петропавл және Ақмола облыстарының жеңімпаздары кездесуге онлайн режимде қосылды. Күннің басты оқиғасы — келісімшарттарға салтанатты түрде қол қою рәсімі болды. Осы сәттен бастап жеңімпаз атанған жобалар ресми түрде әрқайсысы 1 000 000 теңге көлемінде қаржыландыруға ие болып, жергілікті жерлерде іс жүзінде жүзеге асырыла бастады.

Бөлінген қаражат тегін қолөнер шеберханаларын, адаптивті спорт секцияларын және психологиялық көмек қызметтерін ашуға бастапқы капитал болады. Ұйымдастырушылар атап өткендей, ҮЕҰ-дардан тек қағаз жүзіндегі есептер емес, мүмкіндігі шектеулі жандардың өздерін сенімді сезінуіне және ел өміріне белсене араласуына көмектесетін нақты нәтижелер күтіледі.

Байқаудың жалпы қорының тең жартысын оңтүстік өңірдің қоғамдық ұйымдары жеңіп алды. Осы қолдаудың арқасында Шымкент пен Түркістан облысында тоғыз маңызды бастама іске қосылады:

•Инклюзивті кеңістіктер мен қолөнер: «SANA UNITY» ӘИО» ҚБ «IN: Hub – Инклюзивті мүмкіндіктер кеңістігі» жобасын қолға алса, «Қорған-М» РҚБ «LeatherLab: инклюзивті былғары шеберханасы және өзін-өзі жұмыспен қамту мектебін» ашады. Түркістан қаласындағы «Аялаған Алақан» ҚҚБ «Делаю сам / Өзім жасаймын» жобасын бастайды.

•Отбасын қолдау және оңалту: «Ауала» мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» ҚБ және «Давайте расти» ҚФ ерекше балаларды тәрбиелеп отырған аналарға арналған психологиялық қолдау орталықтарын ашады. «Тирек-Шымкент» ҚБ ата-аналарды үй жағдайында баланы дамытудың практикалық дағдыларына үйретуді қолға алады. «Жігерлі ел» мүгедектер қоғамдық бірлестігі инклюзивті оңалту және әлеуметтік бейімдеу курстарын жүргізеді.

•Әлеуметтендіру және спорт: «Ерекше жол» ҚФ мүмкіндігі шектеулі жандардың шығармашылық пен араласу арқылы өз ісін табуына көмектеседі, ал Кентау қаласында жергілікті Ұлттық спорт федерациясы бейімделгіш дене шынықтырумен айналысады.

Қалған гранттар Қазақстанның басқа облыстарына бұйырды, ондағы онлайн-қатысушылар да жұмысқа кірісіп кетті. Алматы қаласында «Жас Жауынгер Алматы» ҚФ арқасында адаптивті спортты дәріптеуге бағытталған «Көңілді старттар» атты үлкен спорттық инклюзивті мереке ұйымдастырылады. Сондай-ақ, оңтүстік астанада шоудаун турнирлеріне арналған спорттық база кеңейтіледі («Шоудаун федерациясы» РМҚБ). Петропавлда аутизм және ПТР (РАС) бар балаларға арналған спорттық бейімдеу секциялары мен шығармашылық шеберханалар ашылады. Көкшетау мен Ақмола облысында «Dia-Amanat» инклюзивті шеберханасы мен ата-аналарды қолдау мектептері жұмысын бастайды.

Іріктеу кезеңі ресми түрде аяқталды. Келісімшарттарға қол қойылып, қаржы бөлінді, бүгіннен бастап бүкіл ел бойынша жүздеген отбасының күнделікті өмірін өзгерте алатын үлкен практикалық жұмыс басталады.

Беттi жинақтап, дайындаған: Әлия ҚҰРАЛБЕК.

ҚЫТАЙ САПАРЫ: ТҮРКІСТАННЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙДІ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Инвесторлар Қазақстан нарығына өнім жеткізумен қатар, болашақта Түркістан облысында өндірістік кешен салу мүмкіндігін қарастыруға дайын екендіктерін жеткізді. Бұл жоба жүзеге асқан жағдайда өңірде жоғары технологиялы медициналық өндірістің негізі қалануы мүмкін.

Сапар аясында Wuhan Engineering компаниясының басшыларымен де нәтижелі кездесу өтті. Компания Түркістан облысында халықаралық стандарттарға сай заманауи саябақтар, гүл базарлары және құс базарларын салу жобасына қызығушылық танытып отыр. Алдын ала есеп бойынша жобаға шамамен 180 миллион юань көлемінде инвестиция тарту жоспарланған. Мұндай нысандар өңірдің сәулеттік келбетін жақсартып қана қоймай, туризмнің дамуына да ықпал етпек.

Өңір басшысы арнайы техникалар өндіру саласындағы жетекші кәсіпорындардың басшыларымен де келіссөздер жүргізді. Компаниялар қоқыс таситын көліктер, вакуумдық тазалау техникалары, қар тазалау машиналары, жол күтіміне арналған арнайы көліктер және мобильді электр станцияларын шығарады. Кездесу барысында Түркістан облысында арнайы техника құрастыратын зауыт ашу мәселесі талқыланды. Бұл жоба жүзеге асса, өңірде машина жасау саласы дамып, жаңа өндірістік кластер қалыптасады.

Қытай сапарының ең ауқымды жобаларының бірі туризм саласында ұсынылды. Халықаралық компания өкілдері Түркістан облысында океанариум немесе теңіз тақырыбындағы ойын-сауық және туристік парк салу жөніндегі бастамасын таныстырды. Құны шамамен 500 миллион АҚШ долларын құрайтын бұл жоба іске асқан жағдайда Түркістан өңірінің туристік әлеуеті жаңа деңгейге көтеріледі. Сарапшылардың пікірінше, мұндай нысан тек Қазақстан тұрғындарын ғана емес, Орталық Азия елдерінен келетін туристерді де тартуға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы бағытында Қытайдың ірі агроөнеркәсіптік құрылымдарының бірі саналатын Huarei Group компаниясымен келіссөздер жүргізілді. Тараптар ет өнімдерін өңдеу, сақтау, логистиканы дамыту және Түркістан облысында өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдерін Қытай нарығына экспорттау мәселелерін талқылады. Бұл бағыттағы әріптестік өңірдің аграрлық әлеуетін толық пайдалануға жол ашады.

Көлік және логистика саласы да келіссөздердің негізгі тақырыптарының біріне айналды. Қытайдың жетекші құрылыс және инфрақұрылым компанияларымен «Түркістан – Шымкент – Ташкент» жоғары жылдамдықты теміржол магистралін салу мүмкіндіктері қаралды. Сонымен қатар халықаралық көлік дәліздерін дамыту, логистикалық орталықтар құру және жүк тасымалды инфрақұрылымын жетілдіру мәселелері талқыланды. Түркістан облысының тоғыз жолдың торабында орналасуы бұл жобалардың маңызын арттыра түседі.

Жұмыс сапары барысында Нұралхан Көшеров Хубэй провинциясының губернаторы Ли Дяньсюньмен ресми кездесу өткізіп, екі өңір арасындағы ынтымақтастықтың келешегін талқылады. Кездесуде инвестициялық және сауда-экономикалық байланыстармен қатар ғылым, білім, мәдениет, инновация және цифрландыру салаларындағы әріптестікті дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Тараптар өзара байланысты нығайтып, бірлескен жобаларды көбейтуге уағдаласты.

Сондай-ақ облыс әкімі Wuhan Financial Holdings Group компаниясының басшылығымен кездесіп, Түркістан облысындағы инвестициялық жобаларды қаржыландыру мәселелерін қарастырды. Келіссөздер барысында агроөнеркәсіп кешені, туризм, өңдеу өнеркәсібі және индустриялық парктер саласындағы жобаларды ұзақ мерзімді қаржыландырудың жаңа тетіктері ұсынылды. Бұл өз кезегінде өңірге халықаралық капитал тартуға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, Hanya International Holdings компаниясымен Мақтаарал ауданындағы «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығында жүзеге асырылып жатқан ірі инвестициялық жоба талқыланды. Құны 60 миллиард теңгеден асатын жоба аясында электр техникалық жабдықтар, сантехникалық өнімдер және пластмасса бұйымдарын шығаратын индустриялық парк салынуда. Нәтижесінде 800 жаңа жұмыс орны ашылып, өңірдің экспорттық әлеуеті артады.

Бүгінде Түркістан облысында Қытай капиталының қатысуымен жалпы құны 148 миллиард теңгені құрайтын 17 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Қытайлық инвесторлармен жүргізілген жаңа келіссөздер бұл көрсеткішті одан әрі арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, Қытайға жасалған жұмыс сапары Түркістан облысының халықаралық экономикалық байланыстарын нығайтып, өңірге жаңа инвестициялар тарту бағытындағы маңызды кезең болды. Ухань қаласында өткен кездесулер барысында жүздеген миллион долларлық жобалардың негізі қаланып, өндіріс, туризм, ауыл шаруашылығы, көлік және қаржы салаларындағы әріптестіктің жаңа бағыттары белгіленді. Сарапшылардың пікірінше, қол жеткізілген келісімдер алдағы уақытта нақты инвестициялық жобаларға ұласып, жаңа өндіріс орындарының ашылуына, мыңдаған жұмыс орнының құрылуына және Түркістан облысының экономикалық қуатының артуына елеулі үлес қосады.

Шолушы.

САЙРАМҒА СЕРПІН БЕРЕТІН ӨНДІРІС ОРНЫ

Сайрам ауданындағы Ақсукент ауылында ПЭТ платформаларын өндіретін «WALLI PACK» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің зауыты іске қосылды. Құны 600 миллион теңгені құрайтын инвестициялық жоба ауданның өндірістік әлеуетін арттырып, өңір экономикасының дамуына жаңа мүмкіндік ашып отыр.

Жаңа кәсіпорынның ашылуы Мемлекет басшысының өңірлерге инвестиция тарту, өндіріс орындарын көбейту және халықты тұрақты жұмыспен қамту жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру аясында қолға алынған маңызды жобалардың бірі саналады. Сонымен қатар Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің өндірістік инфрақұрылымды дамыту және инвестициялық жобаларды қолдау бағытындағы бастамаларының нәтижесінде жүзеге асқан бұл жоба ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізуде.

Заманауи технологиялармен жабдықталған зауыт тәулігіне 64 мың дана ПЭТ платформасын өндіруге қауқарлы. Өндірілген өнімдер ішкі нарыққа бағытталып, отандық кәсіпорындардың сұранысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде импортқа тәуелділікті азайтып, қазақстандық өнім өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жол ашады.



Бүгінде кәсіпорында 20 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Алдағы уақытта өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты қосымша жұмыс орындарын ашу жоспарлануда. Бұл тұрғындардың табысын арттырып қана қоймай, аудан халқының әл-ауқатын жақсартуға да ықпал етеді.

Кәсіпорында қолданылатын өндірістік желілер мен құрал-жабдықтардың басым бөлігі Қытай Халық Республикасынан әкелінген. Сондай-ақ өндірістің негізгі шикізаты да шетелден жеткізіледі. Дегенмен жаңа технологияларды енгізу арқылы өнім сапасын халықаралық талаптарға сәйкестендіруге басымдық беріліп отыр.

Сарапшылардың пікірінше, «WALLI PACK» зауыты ПЭТ платформаларын өндіру саласындағы еліміздегі маңызды өндіріс орындарының біріне айналуға әлеуетті. Жобаның жүзеге асуы Сайрам ауданында өнеркәсіп саласының қарқынды дамып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар мұндай өндіріс орындарының көбеюі жаңа инвестицияларды тартуға, өндіріс көлемін ұлғайтуға және өңірдің экономикалық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы, Ақсукент ауылында іске қосылған жаңа зауыт – ауданның өндірістік қуатын күшейтіп, жергілікті экономиканың тұрақты дамуына үлес қосатын маңызды жобалардың бірі. Бұл бастама өңірде индустрияны дамыту бағытындағы жұмыстардың жүйелі түрде жалғасып жатқанын аңғартады.

КӘСІПКЕРГЕ ҚОЛДАУ КҮШЕЙЕДІ

Түркістан облысында кәсіпкерлікті қолдау бағытындағы жұмыстар жаңа форматта жалғасуда. Өңірде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры жүзеге асыратын «Мобильді фронт-офис» жобасы аясында шағын және орта бизнес өкілдерімен көшпелі кездесулер ұйымдастырылмақ. Бастама кәсіпкерлердің мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қолжетімділігін арттырып, бизнес жүргізуге қажетті ақпаратты тікелей жергілікті жерлерде ұсынуға бағытталған.

Жоба шеңберінде облыстың барлық аудан-қалаларында арнайы кездесулер өткізіліп, кәсіпкерлер мен кәсіп бастауға ниетті азаматтарға жан-жақты кеңес беріледі. Кездесулер барысында қатысушылар қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалардың шарттарымен танысып, бизнесті қаржыландырудың тиімді тетіктері жөнінде толық мәлімет алады.

Атап айтқанда, кәсіпкерлерге жеңілдетілген несие алу мүмкіндіктері, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, кепілдік мүлік жеткіліксіз болған жағдайда несиелерге кепілдік беру, микронесиелеу және лизингтік қаржыландыру құралдары кеңінен түсіндіріледі. Сонымен қатар мемлекеттік қолдаудың өзге де бағыттары бойынша ақпарат беріліп, қатысушылардың нақты сұрақтарына жауап ұсынылады.

Көшпелі кездесулерге тек қолданыстағы бизнес иелері ғана емес, жеке кәсіп ашуды жоспарлап жүрген тұрғындар да қатыса алады. Бұл азаматтарға кәсіпкерлік қызметті бастау жолдары, қолдау бағдарламаларына қатысу шарттары және қаржыландыру көздері жөнінде қажетті ақпарат алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жиын барысында «Бәйтерек» холдингінің бірыңғай фронт-офисі арқылы ұсынылатын қолдау құралдары таныстырылады.

Жобаның басты ерекшелігі – кәсіпкерлерге қажетті қызметтерді олардың орналасқан жеріне барынша жақындату. Осылайша аудан және ауыл кәсіпкерлері облыс орталығына арнайы бармай-ақ, білікті мамандардан кеңес алып, мемлекеттік бағдарламалар жөнінде толыққанды мәліметке қол жеткізе алады. Бұл уақыт пен шығынды үнемдеуге мүмкіндік беріп, бизнес өкілдеріне қолайлы жағдай қалыптастырады.

Кездесулерге Түркістан облысы бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының мамандары, екінші деңгейлі банктердің өкілдері, облыстық кәсіпкерлік және сауда басқармасының қызметкерлері, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдау институттарының мамандары қатысады. Олар кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау құралдарының артықшылықтарын түсіндіріп, бизнес жобаларды жүзеге асыру бойынша практикалық кеңестер береді.

ТҮРКІСТАННЫҢ МӘДЕНИ ӘЛЕУЕТІ МЕН ТУРИЗМІН ДАМЫТУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Түркістан облысында мәдениет пен туризм салаларын дамыту мәселелеріне арналған маңызды кездесу өтті. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің аппарат басшысы Ринат Мұхаметқали өңірге жұмыс сапарымен келіп, мәдениет және туризм саласының қызметкерлерімен жүздесті. Басқосуға облыс әкімінің орынбасары Ертай Алтаев қатысып, жиынды ашып, жүргізді.

Кездесу барысында Түркістан өңірінің мәдени әлеуетін арттыру, тарихи-мәдени мұраны сақтау, туризм саласының бәсекеге қабілеттілігін көтеру, мәдени инфрақұрылымды жетілдіру және рухани құндылықтарды насихаттау бағытындағы өзекті мәселелер жан-жақты талқыланды.

Жиында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Ертай Алтаев Түркістанның еліміздің рухани әрі мәдени орталығы ретіндегі ерекше орнына тоқталды. Оның айтуынша, қасиетті өңірде мәдениет пен руханиятты дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүзеге асырылып келеді.

– Ежелгі өркениет пен руханияттың бесігі саналатын Түркістан бүгінде халықаралық деңгейдегі маңызды бастамалардың орталығына айналып отыр. Соңғы жылдары өңірде мәдениет саласын дамытуға ерекше көңіл бөлініп, көптеген жобалар жүзеге асуда. Жақында ғана Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті жоғары деңгейде ұйымдастырылып өтті. Алдағы уақытта Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің білім және ғылым министрлері мен жоғары сот төрағалары Түркістанда бас қосады. Сонымен қатар 2027 жылы Халықаралық ИСЕСКО ұйымының шешімімен Түркістан ислам әлемінің мәдени астанасы мәртебесіне ие болады. Бұл – өңірдің ғана емес, тұтас еліміздің халықаралық беделін арттыратын маңызды оқиға, – деді ол.

Кездесуде облыстың мәдениет саласындағы жетістіктері де кеңінен сөз болды. Өткен жылы аудан-қалаларда алты мәдениет үйі пайдалануға берілсе, биыл тағы он мәдениет нысанының құрылысы жүргізіліп жатыр. Бұл мәдени инфрақұрылымды нығайтып қана қоймай, ауыл тұрғындарының рухани сұранысын қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары өңірдегі мәдениет мекемелерінің жұмысы жанданып, шығармашылық ұжымдардың жетістіктері арта түскені атап өтілді. Облыстық мәдениет ұйымдары республикалық және халықаралық байқауларда Түркістанның абыройын асқақтатып, жүлделі орындардан көрініп келеді. Театрлар көрерменге жаңа қойылымдар ұсынып, концерттік ұйымдар мазмұнды мәдени кештер ұйымдастыруда.

Мәдениет саласындағы жетістіктердің бірі ретінде «Конгресс холл» кешенінің жанындағы «Алқоңыр» ансамблінің Еуропа елдерінде өнер көрсетіп, қазақ мәдениетін шетел жұртшылығына кеңінен танытуы аталды. Сонымен қатар Түркістанда халықаралық деңгейдегі өнер фестивальдері, қолөнер жәрмеңкелері мен мәдени шаралар тұрақты түрде өткізіліп келеді. Бұл бастамалар өңірдің туристік тартымдылығын арттыруға да оң әсерін тигізуде.

Басқосу барысында туризм саласын дамыту мәселесіне де ерекше назар аударылды. Қатысушылар тарихи-мәдени нысандарды тиімді пайдалану, туристік қызмет сапасын жақсарту, ішкі және сыртқы туризмді дамыту бағытында өз ұсыныстарын ортаға салды. Сондай-ақ цифрлық технологияларды енгізу, халықаралық тәжірибені пайдалану және туристерге қолайлы жағдай жасау мәселелері сөз болды.

Кездесу соңында қатысушылар мәдениет пен туризм салаларын дамыту жолында бірлескен жұмыстарды жалғастырып, Түркістанның рухани және мәдени әлеуетін одан әрі арттыруға күш салатындарын жеткізді. Елдің рухани қазынасын байытып, тарихи мұрасын дәріптеу жолындағы мұндай бастамалар өңірдің дамуына серпін беріп, Түркістанның халықаралық деңгейдегі мәдени орталық ретіндегі мәртебесін нығайта түсетіні атап өтілді.

АГРАРЛЫҚ САЛАДА КӨШ БАСТАҒАН АЙМАҚ

Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 206 миллиард теңгеге жетті

Түркістан облысында агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағытындағы жұмыстар қарқынды жалғасып, сала негізгі экономикалық драйверлердің біріне айналуда. Биылғы жылдың алғашқы төрт айының қорытындысы бойынша өңірде ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 206 миллиард теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 111,3 пайыздық өсім көрсеткен. Сонымен қатар агроөнеркәсіптік кешеннің негізгі капиталына тартылған инвестициялар көлемі айтарлықтай артып, саладағы оң динаминканың сақталып отырғанын байқатты.

Бұл туралы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров баяндады.

Облыс басшысы өңірдегі көктемгі дала жұмыстарының нәтижелері мен агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағытында қолға алынған жобаларға тоқталып, ауыл шаруашылығын әртараптандыру, су үнемдеу технологияларын енгізу және экспорттық әлеуетті арттыру мәселелеріне ерекше назар аударды.

Егіс көлемі ұлғайды

Биыл Түркістан облысында ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі өткен жылмен салыстырғанда 8 мың гектарға артып, жалпы көлемі 919 мың гектарға жетті. Оның ішінде 536 мың гектарға жаздық дақылдар, 208 мың гектарға күздік егістер орналастырылса, 175 мың гектар жерге көпжылдық жоңышқа сақталды.

Егіс құрылымын әртараптандыру мақсатында бірқатар маңызды өзгерістер енгізілген. Атап айтқанда, мақта алқабы 17 мың гектарға ұлғайып, 162 мың гектарды құрады. Сонымен қатар мақсары дақылының көлемі 85,4 мың гектарға, жүгері алқабы 55,2 мың гектарға дейін кеңейтілді. Ал су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында күріш егісі 7 мың гектарға қысқартылып, жалпы көлемі 3,5 мың гектар деңгейінде қалыптасты.

Диқандар қажетті ресурстармен қамтылды

Көктемгі дала жұмыстарын сапалы ұйымдастыру үшін шаруалар тұқым қорымен толық қамтамасыз етілді. Биыл егістік алқаптарына 204 мың тонна минералдық тыңайтқыш енгізу жоспарланған болса, қазіргі таңда оның 90 мың тоннасы пайдаланылған.

Сонымен қатар көктемгі жұмыстарға қажетті жеңілдетілген жанар-жағармай көлемі 53 мың тонна болып белгіленді. Бүгінгі күнге дейін оның 23,7 мың тоннасы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жеткізілген. Жауапты мекемелердің мәліметінше, отын бөлу жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде.

Жеңілдетілген несие ауылға серпін беруде

Ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлерді қолдау мақсатында биыл жеңілдетілген несиелендіруге 34 миллиард теңге бөлінген. Жыл басынан бері жалпы құны 25 миллиард теңгені құрайтын 1722 жоба қаржыландырылып, шаруалардың өндірістік мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашылды.

Мамандардың айтуынша, мемлекеттік қолдау шаралары аграрлық сектордағы инвестициялық белсенділікті арттырып, жаңа өндірістердің ашылуына ықпал етуде.

Су үнемдеу технологиялары екі есе қарқынмен енгізілуде

Мемлекет басшысының су ресурстарын тиімді пайдалану жөніндегі тапсырмасына сәйкес Түркістан облысында су үнемдеу технологияларын енгізу жұмыстары жоғары қарқынмен жүргізілуде.

Биыл бұл технологияларды 27 мың гектар жерге енгізу жоспарланғанымен, нақты көрсеткіш 50 мың гектарға жетіп, жоспар екі есеге жуық артығымен орындалмақ. Нәтижесінде облыста су үнемдеу технологиялары қолданылатын алқап көлемі 164 мың гектарға дейін ұлғайып, жыл сайын 280 миллион текше метр су үнемделеді деп күтілуде.

Қазіргі таңда жаңа технологиялар қосымша 37 мың гектар жерге енгізілген. Бұл көрсеткіш өңірдің су тапшылығы жағдайында тұрақты ауыл шаруашылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Шегірткеге қарсы күрес күшейтілді

Өңірде ауыл шаруашылығы дақылдарын зиянкестерден қорғау бағытындағы жұмыстар да жүйелі түрде атқарылып жатыр. Биыл 906 мың гектар аумақта фитосанитариялық мониторинг жүргізу жоспарланған болса, бүгінгі күнге дейін 889 мың гектар жер зерттелген.

Шегіртке зиянкестеріне қарсы күреске арнайы техникалар, су тасымалдау көліктері, аэрозольді генераторлар, ұшқышсыз ұшу аппараттары және авиациялық техника жұмылдырылған. Мамандардың мәліметінше, жағдай тұрақты бақылауда.

Мал шаруашылығы – өңір экономикасының тірегі

Түркістан облысы республикадағы мал шаруашылығының жетекші өңірлерінің бірі болып саналады. Бүгінде еліміздегі ұсақ малдың 20 пайызы, ірі қараның 13 пайызы, түйенің 14 пайызы және жылқының 10 пайызы осы өңірде шоғырланған.

Жыл басынан бері облыста 76 мың тонна ет өндіріліп, өткен жылмен салыстырғанда 21,7 пайыздық өсімге қол жеткізілді. Сонымен қатар 161 мың тонна сүт және 108 миллион дана жұмыртқа өндірілген.

Эпизоотиялық жағдай тұрақты сақталып отыр. Ветеринариялық қызметтің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында 3,9 миллиард теңге бөлініп, қазіргі таңда 4 ветеринариялық станция, 109 ветеринариялық бекет және 21 мал өлексесін көметін арнайы нысанның құрылысы жүргізілуде.

Ет экспорты бойынша көшбасшы өңір

Түркістан облысы бүгінде Қазақстанның ет экспортындағы негізгі өңірлердің біріне айналды. Республика бойынша экспортқа шығарылатын ірі қара мал етінің 80 пайызы және қой етінің 75 пайызы облыс үлесіне тиесілі.

Биылғы төрт айдың ішінде шетел нарығына 4,2 мың тонна сиыр еті мен 9,4 мың тонна қой еті жөнелтілген. Бұл көрсеткіштер өңірдің экспорттық әлеуетінің жылдан-жылға артып келе жатқанын көрсетеді.

Үкіметтің қолдауымен облыста жалпы қуаттылығы 50 мың басқа арналған ірі бордақылау алаңы іске қосылған. Бұдан бөлек, 30 мың басқа арналған алты кәсіпорын экспорттаушылар тізіміне енгізілді.

Ет өндірісі мен өңдеу саласын дамыту мақсатында жалпы құны 54,1 миллиард теңгені құрайтын сегіз инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Аталған жобалар іске қосылғаннан кейін 800-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылып, жыл сайын 18 мың тонна ет пен 90 мың тонна өңделген ет өндірілмек. Нәтижесінде өңірде жыл сайын 53,5 миллиард теңгенің өнімі шығарылатын болады.

Аграрлық сектордағы өсім сақталады

Жалпы алғанда, Түркістан облысында ауыл шаруашылығы саласын жаңғырту, су үнемдеу технологияларын енгізу, экспорттық әлеуетті арттыру және инвестиция тарту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Өңір басшылығы көктемгі дала жұмыстары мен алдағы жиын-терім науқанын сапалы ұйымдастырып, Ауыл шаруашылығы министрлігі белгілеген барлық нысаналы көрсеткіштерге толық қол жеткізуді көздеп отыр.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Түркістан облысында инвестициялық ахуалды жақсарту, жаңа өндіріс орындарын ашу және экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Осы мақсатта облыс әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбектің төрағалығымен инвестициялық штабтың кезекті отырысы өтіп, өңірде жүзеге асырылып жатқан және алдағы кезеңде іске қосылатын инвестициялық жобалардың орындалу барысы жан-жақты талқыланды.

Жиынға жауапты басқарма басшылары, аудан және қала әкімдері, сондай-ақ инвестициялық жобалардың бастамашылары қатысты. Күн тәртібінде биыл жүзеге асырылуы жоспарланған жобалардың ағымдағы жағдайы, дайындық деңгейі, инфрақұрылымдық мәселелері және инвесторлар тарапынан көтерілген ұсыныстар қаралды.

Отырыста әрбір жоба бойынша нақты мәліметтер ұсынылып, жүзеге асыру кезеңдеріндегі түйткілдер мен оларды шешу жолдары талқыланды. Жауапты тұлғалар құрылыс жұмыстарының барысы, қаржыландыру мәселелері, инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және жобалардың іске қосылу мерзімдері жөнінде есеп берді.

Облыс әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбек инвестициялық жобалардың өңір экономикасы үшін стратегиялық маңызға ие екенін атап өтті. Оның айтуынша, әрбір инвестициялық бастама жаңа жұмыс орындарының ашылуына, өндірістік әлеуеттің артуына және халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына тікелей ықпал етеді.

– Инвестициялық жобалардың әрқайсысы белгіленген мерзімде әрі сапалы жүзеге асырылуы тиіс. Кез келген кедергіні уақыт оздырмай шешу қажет. Инвесторларға қолайлы жағдай жасап, жобаларды сүйемелдеу жұмыстарын күшейту маңызды. Әрбір инвестициялық жобаның тиімділігі, экономикалық қайтарымы және құрылатын жұмыс орындарының саны тұрақты бақылауда болады. Барлық жауапты басқармалар мен аудан-қала әкімдіктері үйлесімді жұмыс істеп, нақты нәтижеге қол жеткізуі қажет, – деді Қанат Қайыпбек.

Бүгінде Түркістан облысында өндіріс, энергетика, ауыл шаруашылығы және білім беру салаларын қамтитын бірқатар ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Солардың бірі – Түркістан қаласындағы «TURAN» арнайы экономикалық аймағында бой көтеріп жатқан «Hygeia Textile Kazakhstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тоқыма зауыты. Заманауи технологиялармен жабдықталатын кәсіпорында 16 роторлы иіру желісі орнатылып, дайын өнім өндіру жоспарланған.

Өткен жылы жалпы құны 340 миллиард теңгені құрайтын 58 инвестициялық жоба іске қосылып, нәтижесінде 8 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды. Биыл да инвестициялық белсенділікті төмендетпей, экономикаға 1,7 триллион теңге көлемінде инвестиция тарту жоспарланған. Осы мақсатта жалпы құны 369 миллиард теңгені құрайтын 67 инвестициялық жобаны жүзеге асыру көзделіп отыр.

Сарапшылардың пікірінше, жаңа өндірістердің ашылуы, инфрақұрылымдық жобалардың іске асуы және инвесторларға қолайлы жағдай жасалуы Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін береді. Ал инвестициялық штабтың тұрақты бақылауы жобалардың уақытылы орындалуына және өңір экономикасының тұрақты өсімін қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды.

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВТІҢ ФИЛОСОФИЯСЫ

(О. Сүлейменовтің 90 жылдығына арналған)

Кез келген халықты әлемге қазба байлығы емес, талантты перзенттері танытады. Ақыл – ойға жүйрік ұлқыздар неғұрлым көп шыққан сайын ол ұлттың беделі де арта береді. Абай, Шәкәрім, Шоқан, Мұхтар, Қаныш, Әлкей секілді дара туған перзенттердің ұлт байлығы болып есептелетіні содан. Талантты ақын, тамаша лингвист, ойшыл Олжас Сүлейменовті де осы топқа батыл жатқызуға болады.

Олжастың өзіндік қайталанбас ой-пікірлері, оның қаламынан туған әрбір шығарма ойлы оқырманның санасында философиялық көзқарастың қалыптасуына жол ашады. Мысалы, мына сөйлеміне назар аударыңыз:

«Өткеннің тұңғиығы, болашақтың биіктігі болмаса, бүгініміз де сүреңсіз болады...», «Тауларды аласартпай, даланы асқақтатайық», «Адам неге жұлдыздарға жетуді армандайды!», «Бұл өмір сенікі де, менікі де... Біздікі!», «Өмір деген қабық, ал, біз оның тірегіміз»...

Бұл сөздердің философиялық мағынасы өте зор. Әр адамның санасына сәуле құйып, ойлау қабілетін оятады. Оны айырықша түсінуге тырысуға мәжбүрлейді. Олжас философиясы – ойландыратын, ой жинайтын, намысты қамшылайтын, арман арқалататын, ұлттық рухты биік деңгейге көтеретін және оны қастерлейтін, адамға ерекше-сана сезім қалыптастыратын рухани байлық. Олжас сұлулықты, әсемдікті пір тұтады, қастерлейді. Көкіректе тұрған шынайы сезімді, адамгершілік қасиетті жырлайды.

Әлемдегі дүбірлі оқиғаларға үн қосады. Дүниенің тарихы, қазіргі және болашағы туралы философиялық ой түю - Олжасқа тән құбылыс. Оның бойында киелі рух бар. Ол – қазақтың ұлттық рухы. Осы үшін Олжасты халық жан – жүрегімен жақсы көреді, бағалайды.

Олжас философсфиясы сұрақтар мен жауаптардан тұрады. Мұның дәлелі оның поэзиясынан табылады. Ал, поэзиясы – философсфияның әдеби көрінісі. Философиялық поэзия – үлкен сезім. Сезім көп жағдайда ақылдан да ақылдырақ, ойдан да ордалырақ.

«Ер үстінде туып едім, өлер ме екем кісенде!», «Мен жалаңаш қылышпын!» деген Олжас тебіренісі әр қазақты елең еткізеді. Бұл еркін ой, тарпаң таным үні. Шөңгелді, құрсаулы деген сонау тоталитарлық қоғамның өзінде-ақ ол осылай жырлады.

Олжас – осындай ой еркіндігімен, батылдығымен, парасат – білімімен талантымен ақындық, азаматтық тәуелсіздікті қазақ қауымының тәуелсіздігінен әлдеқайда бұрын алған азамат. Арқалы асқақ тұлғасымен тәуелсіздік рухын үнемі сезіндірген, тәуелсіз болуға шақырған ақын. Әлемдік поэзияның жарық жұлдызы. Тілдің, ойдың, тарихи зерденің, тарихи сананың ақыны. Қадым заманнан көшпенділердің қанына сіңген дара дарын. Түркі әлемінің тамырын тереңге жіберген берік өркені. Өмірге келіп өскен ортасы – Ұлы дала. Ол – қазақ даласы. Бұл далада Ұлы Жібек жолы жатыр. Көк түріктің қаны тамған. Қазақ тарихы қатпарқатпар. Ғарыш жолы да осы жерден басталған. Осыларға ой жүгіртсек, Олжас сынды тұғыры биік тұлға – тек қазақ даласында, қазақ жерінде, қазақ ортасында туатын құбылыс.

Бір шындықтың басы ашық. Әлемдік поэзияда Олжас Сүлейменовтің өз үні, өз қолтаңбасы, өз философиясы бар.

